Сыр бойы

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

11 ШІЛДЕ СЕЙСЕНБІ | 2017 жыл №102 (19388) | ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ | www.syrboyi.kz

● ҮКІМЕТ

КЕЛЕЛІ КЕЗДЕСУЛЕР

Үкімет үйінде Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Бақытжан Сағынтаев Лондон Ситидің Лорд-мэрі Эндрю Пармлимен кездесті.

Кездесу барысында ірі трансұлттық компаниялармен өзара іс-қимыл, қаржы қызметтерін, шағын және орта бизнесті дамыту саласындағы экономикалық ынтымақтастық мәселелері талқыланды.

***

Астанада Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Бақытжан Сағынтаев Латвия Республикасының Президенті Раймондс Вейониспен кездесті.

Кездесу барысында жеңіл және тамақ өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы, туризм салаларында, сондай-ақ білім беру, азаматтық авиация және медициналық туризм кадрларын даярлау саласындағы екіжақты сауда-экономикалық ынтымақтастықты одан әрі дамыту мәселелері талқыланды.

Транзиттік-көліктік бағыттағы өзара іс-қимыл мәселелеріне және шағын және орта бизнесті дамытуға ерекше көңіл бөлінді. Бір айта кететіні, Қазақстан мен Латвия арасындағы сауда айналымы 2016 жылы 126,2 млн АҚШ долларын құрады (экспорт – 93,5 млн долл., импорт – 32,7 млн долл.).

Ал, 2017 жылдың қаңтар-сәуірінде 31,8 млн. АҚШ доллары көлемінде болды. Бүгінде Қазақстанда 60-тан астам қазақстандық-латвиялық бірлескен кәсіпорындар жұмыс істейді.

Астана КҮНІ

АСТАНА МЕРЕКЕСІНІҢ АЯСЫНДА...

Ел тәуелсіздігінің тарихындағы таңғажайып жаңалығымыздың бірі – Арқаның төсінен ару Астанамыз бой көтерген еді. Әлем назарын аударған айшықты шаһардың туған күнінде еліміздің барлық аймағында мерекелік шаралар ұйымдастырылды.

Айталық, Астана күні мерекесінде қаламыздың орталық алаңында қолөнер бұйымдарының көрмесі өткізілді. Шараның өтуіне облыстық ішкі саясат басқармасы, сондай-ақ, «Социум Қызылорда», «Қазақылықтың атамекені» қоғамдық қорлары бастамашы болды.

Ұлт нақышын айшықтайтын көрмеде ағаштан, матадан, моншақтардан жасалған заттар мен тоқыма бұйымдары көздің жауын алып, көпшілікті қызықтырды. Сондай-ақ олар қала тұрғындарына қолжетімді бағада сатылды. Бұл дәстүрлі шара қала тұрғындары мен қонақтарына керемет көңіл-күй сыйлады.

***

Мереке күні қалада «Социум Қызылорда» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен стритбаскет ойынынан жастар арасында жарыс ұйымдастырылды. Бұл ойын түріне жастардың қызығушылығы ерекше, сондықтан жиі өткізіліп тұрады.

Әртүрлі жас ерекшеліктері бойынша қатысқан командалар арасында 13 жастан жоғары «Макс», 14-17 жас аралығында «Барыстар», 18 жастан жоғары жұмысшы жастардан құралған «West», 18 жастан жоғары қызкеліншектерден құралған «Жаңақорған» командалары бірінші орынды иеленді.

Ғ.ӘБІЛДА.

● МӘЖІЛІС

МӘСЕЛЕНІҢ БӘРІ МАҢЫЗДЫ

Кеше облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың төрағалығымен аппарат отырысы өтіп, күн тәртібіне алты мәселе қойылды.

Мәжілісте алдымен 2018-2020 жылдарға арналған республикалық бюджетке қаржыландыруға ұсынылған инвестициялық жобалардың жайы қаралды. Бүгінде аталған жылдарға облыс бойынша 72 инвестициялық жоба ұсынылған.

– Бұлардың ішінде құны 18,7 млрд теңгені құрайтын 29 жоба алдын ала қолдау тауып отыр. Оның ішінде білім басқармасы бойынша – 10, денсаулық саласы бойынша – 1, энергетика тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасы бойынша 6 жоба енді. Сәулет және қала құрылысы басқарамасына тиісті 10 жоба да оң бағаланды, – деді облыстық экономика және бюджетті жоспарлау басқармасының басшысы Сәуле Құлымбетова.

Сонымен қатар, бюджет қаражатының тиімді жұмсалуын қамтамасыз ету мақсатында облыс бойынша әлеуметтік сала, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, автокөлік жолдары салалары бойынша мемлекеттік сараптамадан өткізілген жобалық-сметалық құжаттамалары бар инвестициялық жобаларға талдау жүргізілген. Нәтижесінде облыс бойынша пайдалану мерзімі биыл аяқталатын жалпы құны 12,8 млрд теңге құрайтын 33 жоба анықталды.

Мәжілісте 2017 жылы іске қосылатын нысандардың құрылысы жайлы да айтылды. Облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының басшысы Мұхамедиса Әлсеріковтің айтуынша, қазіргі таңда аталған басқарма арқылы 54 әлеуметтік нысанның құрылысы жүргізілуде. Оның ішінде 23-і өткен жылдан өтпелі болса, 31-нің құрылысы жаңадан басталған. Жыл соңына дейін 26 әлеуметтік ғимаратты пайдалануға беру жоспарланып отыр. Қалғанының құрылысы келер жылы жалғасады.

Сондай-ақ, «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында тұрғын үй құрылысы мен инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым желілерін дамытуға мемлекеттік бюджеттен 5,5 млрд теңге қаржы бөлінген. Оның ішінде Ұлттық қордан 4,4 млрд, облыстық бюджеттен 1,1 млрд теңге бағытталған. Бүгінде облыста жалпы ауданы 141,3 мың шаршы метрді құрайтын 41 көпқабатты тұрғын үйдің құрылысы жүргізілуде.

Қазіргі таңда қоғамдағы өзекті тақырыптардың бірі – азық-түлік бағасы. Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Бақыт Жаханов аталған маңызды мәселеге қатысты тиісті шаралар қабылданып, жүзеге асырылғанын жеткізді.

– Азық-түлік тауарларының 1 шілдедегі тұтыну бағаларының жыл басымен салыстырғандағы индексі 104,3 пайызды құрап, республикалық орташа көрсеткіштен 0,8 пайызға төмен қалыптасты. Жыл басынан бері 19 әлеуметтік маңызы бар тауарлардың ішінде 8 өнім бойынша баға қымбаттаған еді. Ол тауарлар – макарон өнімдері, сары май, сиыр еті, картоп, сәбіз, пияз, қырыққабат, қант. Ал үш өнім бойынша – қарақұмық жармасы, өсімдік майы, жұмыртқа бағасы төмендеді. Биылғы сатылымда бағаның күрт қымбаттағаны картоп және көкөніс өнімдерінде байқалды. Статистика департаменті апта сайын әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына мониторинг жүргізуде, – деді ол.

2-бет

● ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКА

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫҢ ҚАЛЫПТЫ САҚТАЛҒАНЫ ЖӨН

Айналамыздағы табиғаттың таза сақталуы барша адамзат үшін маңызды екендігі анық. Бұл туралы Мемлекет басшысы өз Жолдауларында нақтылап айтып, Үкімет жиындарында жергілікті атқарушы орындарға тиісті тапсырма беріп келеді. Және де оның орындалу барысын, қатаң қадағалап отырғандығы жалпы жұртшылыққа баспасөз құралдары арқылы таныс. Бұл мәселе әлем жұртшылығын да алаңдатады. Сондықтан да елімізде жұмыс істейтін ПРООН бағдарламасы арқылы қоршаған ортаның қалыпты сақталуы мен қуат көздерін заласыз тиімді пайдалану жолдары ұсынылып, қолдау тауып келеді.

Міне, осы тұрғыда жуырда Шиелі ауданының Керделі ауылдық округіндегі «Сүйіндік» шаруа қожалығында семинар-кеңес өткізілді. Онда Халықаралық Аралды қорғау қоры мен Қазақ балық шаруашылығы институты қызметкерлерінің бірлескен іс-қимылының нәтижелілігі үлгі етілді.

Аталған шаруа қожалығы өткен жылы облыс әкімдігінің тікелей қолдауымен күннен қуат алатын электр станциясын орналастырған еді. Ол 168 шаршы метр алаңқайды 3 квт электр қуатымен қамтамасыз етуге қауқарлы болатын. Осы жерде инкубатор арқылы балық шабақтарын өсіруге де мүмкіндік жасалған-ды. Мұнан өзге 10 миллион балық шабағын өсіруге қолайлы «Амур» атты арнаулы аппарат қондырғысы да орналастырылды. Оның жанына салқындатқыш құрал мен басқа да қажетті жабдықтар топтастырылған. Міне, осы қыруар шаруалардың нәтижелігін көретін кез келді. Сондықтан да облысымыздағы осы мақсатта қызмет жасауға ынталы 40-тан астам фермер келіп, тәжірибе алмасып отыруды әдетке айналдырған.

«Сүйіндік» шаруа қожалығы туралы аз-кем хабардар ететін болсақ, оның төрағасы бұрынғы мектеп мұғалімі Сүйіндік Аманжолов. Зейнеткерлікке шыққан соң да бұрынғы еңбеккорлық қалпынан танбай, жаңалыққа құштарлық танытуда. Аттың ізін тай басар демекші, оның жолын ұлы Нұрлан жалықпай жалғастыру үстінде. Ауызбіршілік пен ынтымақ арқасында қазір шаруа қожалығы 10-нан астам балық түрінің шабақтарын өсіріп, көптеген шаруа қожалығы мен жеке кәсіпкерлерді қамтамасыз етіп келеді. Және де бұл жерде қаз бен үйрек өсіру де қолға алынған. Көл жағалай маң-маң басқан әдемі құстар табиғатпен үйлесім тауып, айналаның сәнін кіргізгендей.

Семинар-кеңеске қатысқандармен пікірлесу барысында ҚР Экономика министрлігінің өкілі Ольга Мельник «жасыл» экономиканың тиімділігін сөз етті: – Тарихы терең Сыр елі азаматтарының қоршаған ортаға деген жанашырлығы расында мені сүйсіндірді. Осы жақсы қасиеттің үзілмей, ұрпақтан ұрпаққа жалғасуы өте қажет. Өйткені, бұл жарқын болашақтың кепілі. Мәселен, бүгін өзіміз тамашалаған «Сүйіндік» шаруа қожалығындағы тамаша істер нағыз үлгі аларлық жағдай. Талаптана білсе, осылай ету әрбір отандасымыздың қолынан келер еді, – деді ол.

Иә, қоршаған ортаның қалпы шынайы сақталуы тиіс, оған әрбір отандасымыз жауапкершілікпен қарап, мүмкіндігінше атсалысқаны жөн.

Н. НАЗЫМХАНҰЛЫ.
Шиелі ауданы,
Керделі ауылдық округі.

● БӘРЕКЕЛДІ

БАТЫРБЕК – ЕУРОПА ЧЕМПИОНЫ

Шілденің 7-8 аралығында Кипр елінде жасөспірімдер арасында таэквондодан Еурапа чемпионаты өтті. Байрақты бәсекеге 18 мемлекеттен 1000-ға жуық спортшы қатысып, өзара бақ сынасты. Дүбірлі додада жерлесіміз Батырбек Зейнолла топ жарып, Еуропа чемпионы атанды.

Сыр елінің саңлағы алғашқы сайыста түкиялық спортшыны ұпай саны бойынша бағындырса, келесі қарсыласын да бірнеше айлатәсілдермен қапы қалдырды. Ал финалда тағы бір түркиялық өренді мойындатқан ол жеңіс тұғырынан көрінді. Жалпы аталған сайысқа еліміз бойынша – 21, ал Сыр өңірінен 3 спортшы қатысқан болатын. Байрақты бәсекеде ел намысын қорғаған аймақ спортшыларының барлығы да жүлделі орындардан көрінді.

– Мен үздік үштіктен көрінуді мақсат етсем де, мыңға жуық спортшының ішінен топ жарамын деп ойлаған емеспін. Бірақ бойымдағы жігер мен арманым осындай жеңіске жетеледі. Өзге елде көк байрағымыздың желбіреуіне үлес қосқаным үшін мақтанамын. Бұл жеңіс тек дайындық пен еңбектің арқасында келді. Байрақты бәсекеде топ жаруыма бапкерімнің қосқан үлесі зор. Болашақта мұнан да үлкен додаларда топ жарып, артқан сенімді ақтауға тырысамын, – дейді Батырбек Мақсұтұлы.

Сыр спортшысы М.Мәметова атындағы Қызылорда гуманитарлық колледжінде «Дене шынықтыру» мамандығы бойынша білім алуда. Оның аталған спорт түрімен айналысқанына 5 жыл толып отыр. Жатықтырушысы Самат Шаудырбаев та шәкіртінің алдағы талай тартысты додаларда топ жаратынына үміт артады. Еуропа жеңімпазын ертең Қызылорда теміржол вокзалынан жанкүйерлері салтанатты түрде күтіп алады. Сыр саңлағын айтулы жеңісімен барша қызылордалықтардың атынан құттықтаймыз.

Кенжетай БАЛҒАБАЙҰЛЫ.

EXPO 2017 ASTANA FUTURE ENERGY

ШАРШЫ АЛАҢДА ШАРИПОВА

26 тамызда «Астана ЕХРО-2017» Халықаралық көрмесі аясында кәсіпқой бокс кеші өтеді. Бірінші жарыста Қазақстанның 22 жасар кәсіби боксшы қызы Фируза Шарипова Әлем чемпионы атағы үшін бақ сынайды.

«Астана ЭКСПО-2017» Ұлттық компания басшысы Ахметжан Есімов Ф.Шарипованың командасымен кездесіп, әлемге әйгілі отандық спортшылар мен ЭКСПО көрмесінің мақсаты Қазақстанның атын халықаралық деңгейге шығару екенін жеткізді.

– Мен әйелдер арасында кәсіби бокстан бірінші Әлем чемпионы атануға үлкен мүмкіндік туғанына және бұл атақ үшін айқас Қазақстанда өтетініне қуаныштымын. «ЕХРО-2017» көрмесі ұйымдастырушыларына және арнайы басқарма төрағасы Ахметжан Есімовке алғыс білдіремін. Өз елімді жерге қаратпай, жақсы ойын көрсетемін, – деді Ф.Шарипова.

Кәсіпқой бокс «ЕХРО-2017» аумағындағы 6 мың көрерменге арналған амфитеатрда өтеді. Жалпы, Фируза Шарипова 10 жастан бастап бокспен айналыса бастады. Әуесқой мансап жолында екі рет Қазақстан чемпионы, Азия чемпионатының жүлдегері атанған және Әлем чемпионатына қатысқан. 29 маусымда Мәскеуде өткен соңғы жекпе-жегінде отандасымыз ресейлік Бианка Пряшканы бірінші раундтан кейін жеңді. Алдағы тартысты бәсекеден кейін ол Қазақстандағы әйелдер арасында кәсіби бокстан әлем чемпионы атанған бірінші спортшы атануы мүмкін.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Елбасының тапсырмасы бойынша Қазақстан халқы Ассамблеясының ғылыми-сарапшылық кеңесі 2009 жылдың 28 қаңтарында құрылған болатын. Содан бері әр облыстағы ассамблея жанынан ғылыми-сараптамалық топ жасақталып, жұмыс жүргізіп келеді. Аталған топ этносаралық келісім мен жоғары толерантты мәдениет қалыптастыруға қатысты зерттеулермен айналысады. Сондай-ақ, мемлекеттік этносаясатты жүзеге асыра отырып, этносаралық, конфессияаралық келісімді нығайтуды көздейді. Жуырда ғана Қазақстан халқы Ассамблеясының бастамасымен өңірде «Тарихқа тағылым – өткенге тағзым» халықаралық форум өтіп, оған Мемлекеттік хатшы, ассамблея басшылығы қатысты. Осының өзі ассамблея ролін күшейту болып табылады. Осы ретте, өңірдегі кеңестің жүргізіп жатқан жұмысы және алдағы жоспарларымен танысу мақсатында Қорқыт Ата атындағы ҚМУ-дың «Қазақстан халқы Ассамблеясы» кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, ғылыми-сараптамалық топ жетекшісі Нұрлыбек Мыңжаспен сұхбаттасқан болатынбыз.

ЭТНОСАЯСАТТЫҢ БЕРЕКЕЛІ БАСТАУЫ

– Нұрлыбек Кәрібозұлы, алдымен өңірдегі ғылыми-сараптамалық топтың жұмысы мен құрамына тоқталып, жалпы сипатын баяндап берсеңіз.

– Аймақтағы ғылыми-сараптамалық топтың жұмысы этносаяси, әлеуметтік-экономикалық, конфессиялық дамудың үрдістерін кешенді сараптамалық бағалау, елде және әлемде аталған процестің дамуын болжау негізінде облыстық ассамблея қызметін ғылыми-сараптамалық қамтамасыз ету болып табылады. Сондай-ақ, қоғамдық пікірлерді ескере отырып әлеуметтік зерттеулердің көмегі арқылы мониторинг, талдау жұмыстарын жүргізеді, этностар арасындағы шиеленісті жағдайларды алдын алуға бағытталған нақтылы ұсыныстар даярлайды.

Расында да бұл мәселелер ғылыми-сараптаманы қажет етеді. Оның нәтижелерін ассамблея өз қызметін іске асыру барысында пайдаланады. Топтың құрамында облыс бойынша этносаралық және конфессияаралық қатынастар тақырыбын талдаумен шұғылданып жүрген әлеуметтанушылар, тарихшылар, саясаттанушылар мен тәуелсіз сарапшылар, 1 ғылым докторы, 6 ғылым кандидаты мен 2 ғылым магистрі бар. Онымен қоса, топ «Сыр медиа» ЖШС-дағы ақпараттық-талдау орталығымен, ғылыми ұйымдар, азаматтық қоғам институттары және мемлекеттік мекемелермен тығыз байланыста жұмыс жасайды.

– Өткен жылғы нәтижемен де бөліссек.

– Өткен жылы біздің ҒСТ мүшелері облыстық Қазақстан халқы ассамблеясымен бірлесе, облыс көлемінде үлкен зерттеу жұмыстарын жүргізді. Нәтижесінде екі тілде «Татулық тарихы» деген үлкен жинақ әзірленді. Бұл жинаққа облыстағы этномәдени бірлестіктер қызметі, құрылу тарихы, Ассамблеяның 1995 жылдан бергі атқарған жұмыстары, облыстағы ассамблеяның қалыптасуы, мәдени бағыттағы дамуы бойынша зерттеу нәтижелері енгізілді. Этнос өкілдерінің Қызылорда облысына қоныс аударуы, оның тарихи себептері мен салдарлары, кезеңдері талданып, таразыланды.

Айталық, көпшілігі соғысқа дейінгі ашаршылықтың немесе саяси қуғын-сүргіннің салдарынан қоныс аударған. Мәселен, корейлер біздің өлкеге 1937 жылы келе бастады. Қазіргі корейлер солардың ұрпақтары. Олар біздің облысымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына ерекше үлес қосқан үлкен диаспора болып саналады. Этнос өкілдері тек жаңа технология ғана емес, сонымен бірге инженер, білікті мамандарды қоса әкелді. Сыр жұртшылығы да олардан көп нәрсе үйренді, мәдениетаралық байланыс орнады.

2016 жылы облыс аудандарында, қалаға қарасты ауылдық округтер, мекемелер мен оқу орындарында ақпараттық-насихаттық топ жұмыстары ұйымдастырылды. Негізгі мақсат Елбасының 100 нақты қадам Ұлт жоспарын жүзеге асыру тетіктері, Қазақстан халқы Ассамблеясы мен елдегі қоғамдық келісім және тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған міндеттерді ақпараттандыру, насихаттау.

Елбасы «Мәңгілік Ел» идеясы шеңберіндегі топтастырушы құндылықтар арқылы өскелең ұрпақты патриоттық тәрбиелеуге ерекше назар аудару керек екенін атап өтті. Бұған білім беру жүйесінің, тәрбиенің, БАҚ-тың, этномәдени бірлестіктердің барлық күш-жігері бағытталатын болуы тиіс, деп «Мәңгілік ел» идеясының жалпыұлттық құндылықтарды нығайтуға бастайтын рухани күш екенін айрықша атады. Осы орайда, аталған құндылықтарды ғылыми тұрғыдан талдау, түсіндіру және халық арасында кеңінен насихаттау мақсатында ғылыми-сарапшылық топ мүшелері мен ғылыми қоғамдастық өкілдерінің бастамасымен 80-ге тарта ғылыми және ғылыми-көпшілік мақалалар жарияланды. Сонымен қатар, 4 монография, 3 әдістемелік және 2 оқу құралы жарық көрді.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірліктің қазақстандық үлгісін ілгерілетуге бағытталған 30-ға тарта қоғамдық-саяси іс-шаралар, дөңгелек үстел, ғылыми-тәжірибелік конференция, қоғамдық қабылдау, жас ғалымдар байқауы сияқты көптеген жұмыс атқарылды.

– Бірнеше жылдан бері облыстық ассамблея жанындағы ғылыми-сарапшылық топтың жетекшісімен бірге Қорқыт Ата атындағы ҚМУ-дың «Қазақстан халқы Ассамблеясы» кафедрасының меңгерушісі қызметін абыройлы атқарып келесіз. Кафедраның бүгінгі белесі биік. Іс ауқымы артты. Сонда да болса кафедра не іс бітірді деп көрсек?

– Еліміздегі бейбітшілік пен келісімді одан әрі нығайтып, азаматтық біртектілікті қалыптастыру үшін, республикада алғашқылардың бірі болып 2014 жылы Қорқыт Ата атындағы ҚМУ-да «Қазақстан халқы Ассамблеясы» кафедрасы ашылды. Бұл уақыт ішінде қыруар шаруа атқарылды.

Кафедраның негізгі қызметі қазақ халқының тарихы мен мәдениеті, оның мемлекеттілігі, Еуразия тарихындағы орны мен рөлі туралы білімді тарату, қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, этникалық және діни мәселелерге байланысты оқытылатын пәндерді теориялық-әдіснамамен қамтамасыз ету, ғылыми зерттеулерді жүзеге асыру болып табылады. Кафедра университеттегі барлық мамандық бойынша білім алушыларға «Мемлекеттік этносаясат негіздері», «Қазақстандағы этносаралық қатынастар», «Қазақстандағы этностардың тарихы мен мәдениеті», «Әлеуметтік этнография және демография», «Жанжалтану» пәндерінен дәрістер береді. Кафедраның алдына қойған мақсаты мен атқарып жатқан қызметі толығымен ҚХА алдына қойылған міндеттерді шешуге бағытталған. Сол себепті, кафедра аймақтағы этносаралық ынтымақты, тыныштықты нығайтуға өз үлесін қосары сөзсіз. Әр этностың тілін, ділін, дәстүрін білуге және құрметтеуге, қоғамдық келісімді дамытуға ықпалын тигізеді.

– Этносаралық ынтымақ пен ұлттық бірлікті баянды ету жолында кафедра тарапынан қандай ғылыми жобалар қолға алынуда?

– Өткен оқу жылында біз үлкен фестиваль ұйымдастырдық. Бұл «Үлкен ел – Үлкен отбасы» жобасы аясында әрбір этнос өкілдерінің жастары өздерінің мәдениетін, салт-дәстүрін ұмытпау, соларды жаңғырту мақсатында қолға алынған шара еді. «Әралуандықтан бірлікке» ұранымен өткен шарада университетімізде білім нәрімен сусындап жүрген түрлі этнос өкілдерінен құралған студенттер өз өнерлерін ортаға салды. Мысалы, әр-қайсысы өздерінің ұлттық киімдерін киіп, ұлттық тағамдарын дайындады. Көрме ұйымдастырылып, оған облыстық өлкетану мұражайынан түрлі экспонаттар мен этнографиялық бұйымдар қойылды. Фестиваль жоғары деңгейде өтті. Бұл көпшілікке қызық. Облыстық ассамблея хатшылығымен бірлесе отырып, университеттің бастамасымен бекітілген жоспарға сәйкес облыстық танымдық конференциялар, ғылыми жобалар байқауларын ұйымдастырып, қазіргі этносаяси жағдайларға байланысты ұжымдарға барып баяндама, дәрістер оқу, т.б. шараларды атқармақпыз.

– Облыстық Қазақстан халқы ассамблеясы жанындағы ғылыми-сараптамалық топтың жетекшісі ретінде өңірдегі этносаяси, әлеуметтік-экономикалық саланың дамуына қандай болжау жасар едіңіз?

– Біздің облыста 700 мыңның үстінде халық бар. Олардың 96,8 пайызы қазақ ұлты. Қалғанын 35 өзге этнос өкілдері құрайды. Осындай үлкен сандық пропорцияда тұрып, этносаяси мәселе туындап кетеді деп айта алмаймын. Себебі, ынтымақ бар, бейбіт өмір сүрудің негізі берік дәстүрі бар.

Ал, енді экономикалық-әлеуметтік саланың дамуына келер болсақ, біздің облыс соңғы 3-4 жылдың қорытындысы бойынша экономикалық даму жағынан ең алдыңғы қатарға шықты. Үлкен жобалар жүзеге асып, игілігін халық көруде. Басқаша айтқанда, экономикалық ахуал жақсарған сайын, этносаралық араздық жойылып, бірлік күшейе түседі.

– Жоспарсыз іс жүйесі болмайды. Бұл тұрғыда сіз жетекшілік ететін топтың келешекке көзқарасы қандай? Ғылыми-сараптамалық топтың алдағы жоспарларына тоқтала кетсеңіз.

– Биыл өздеріңізге мәлім, Алаш идеясына жүз жыл, 1932-1933 жылдары өткен ашаршылықтың 85 жылдығы және 1937-1938 жылдардағы жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарына 80 жыл. Аталған атаулы даталарға орай ҒСТ мүшелерінің қатысуымен ғылыми-тәжірибелік конференция, дөңгелек үстелдер мен кездесулер өткізіліп жинақталған материалдар негізінде ғылыми-зерттеулер топтамасын шығару жоспарланып отыр. «Қоғамдық келісім» коммуналдық мемлекеттік мекемесі арқылы бірқатар жобалар қаржыландырылады деп күтілуде. Бүкілқазақстандық біртектіліктің, болашағы біртұтас ұлттың кілті бүкілқазақстандық мәдениет. Біз Қазақстанның әлемдегі 30 «жоғары мәдениетті қоғам» шоқжұлдызына енуін қамтамасыз етуге тиіспіз. Себебі бұл біздің басты міндетіміз. Елбасының этносаясаттағы бейбіт бағытын одан әрі насихаттауға атсалыса беретін боламыз. Алдағы басты міндеттердің бірі 12 сәуірде «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыруға» жарияланған Елбасының бағдарламалық мақаласынан туындайтын міндеттерді нақты іске асыруға, соның ішінде, Туған жер жобасын жасауға өз үлесімізді қосатын боламыз. Себебі, ұлттық біртектіліктің мәні бүтінді бөлшектеуде емес, бөлшектерді бүтіндеуде жатыр. Біртұтас ұлтқа айналу бәріміздің ортақ міндетіміз деп түсінемін.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Қ.ҚҰРБАН.

EXPO 2017 ASTANA FUTURE ENERGY

КӨЗДІ АРБАҒАН КӨРМЕ

– Сен қай жағында жүрсің?

– Жапония жағында.

– Мен онда Финляндияға келіп, сені таппай жүрмін.

Бұл – ЭКСПО-ға келген екі қазақтың әңгімесі. Жаздың жаймашуақ күндерінде Астанаға әдейілеп барып жатқандардың қарасы қалың. Бәрі жақсыны көргісі келеді. Мың рет естігеннен артық қой. Үлкен де, кіші де сонда. ЭКСПО аумағынан кез келген ұлттың өкілін кезіктіруге болады. Адамдардың адасатынындай бар. Небір мемлекеттің павильондары анадайдан көзді арбайды. Олар ғылыми жетістіктерімен ғана мақтанып қойып жатқан жоқ. Өнерлерін де дәріптеп жүр. Ел аузында «Сфера» аталып кеткен шар тәріздес ғимараттың бірінші қабатында «Нұрлы әлем» ұлттық павильоны орналасқан. Жоғары бөлігінде «Болашақ» музейі бар. 8 қабаттан тұратын, диаметрі – 80, биіктігі 96 метр болатын ұлттық павильонға кірген бойда меймандар еліміздің салт-дәстүрінен бастап ғылым, энергетика саласындағы жетістіктерімен таныса алады. Әрі осында «Астананың болашағы» атты композиция бар. Ол елорданың 2050 жылғы келбетін көз алдыңызға әкеледі. Ұлттық павильон 8 қабаттан тұрады. «Нұрлы әлемді» тамашалауға кемі 3-4 сағат керек болса, ЭКСПО қалашығын бастан-аяқ аралап шығуға бір күн де аздық етеді.

Халықаралық көрмеге Қазақстанның ішінен ғана емес, әлемнің әр түкпірінен адамдар көптеп келіп жатыр. Ұзын-сонар кезек. Кеше ЭКСПО-ның шымылдығы түрілгеніне тура бір ай толды. Осы уақыт ішінде оған 921 291 адам келіпті. Оның 130 000-дайы – шетелдік. 160 000 адам жеңілдікпен билет алған. Бір айда 1 031 іскерлік және мәдени бағдарлама өтсе, соның 84-іне мемлекет басшылары, министрлер және комиссарлар қатысқан. Ал 2 шілдедегі мәліметке қарағанда, қонақтар ең көп табан тірейтін нысандардың көшін «Нұр-Әлем» бастап тұр. Одан кейін тақырыптық павильондар мен Дю Солей циркі де танымалдығымен алдыңғы орынған көрінді. ЭКСПО көрмесі, әсіресе, ерекше даусымен әлемді аузына қаратқан, миллиардты мойындатқан әнші Димаш Құдайбергеновтің концертімен есте қалары сөзсіз. Оның өнерін тамашалау үшін «Астана арена» стадионында аншлаг болды. Димаш 30 000-нан астам көрерменді тәнті қылды, осынша адамның ыстық ықыласына бөленді. Оның сыртында есімдері әлемге әйгілі әншілер мен өнер ұжымдары елорда төрінде кезекпен концерт беруді жалғастырып жатыр.

Айтпақшы, күні кеше «Астана-ЭКСПО» халықаралық көрмесіне миллионыншы болып билет сатып алған азамат көрмені тамашалап қайтты. Elorda.info сайты хабарлағандай, көрме билетін Шымкенттегі жоғары оқу орындарының бірінде проректор қызметін атқаратын Қайрат Мамаев сәуір айында сатып алыпты. «Мен ЭКСПО-да ғылымдағы жаңа тенденциялар мен инновациялармен таныстым. «Нұр-Әлем» аймағы мен шет мемлекеттердің павильондарын көрдім. Ал басшылық мені миллионыншы билет иегері ретінде Астанаға шақыртып, құнды сыйлықтар табыстады», – дейді Қайрат Мамаев.

«ЭКСПО-2017» ресурстық орталығының директоры Жандос Тұсмағамбетовтың айтуынша, 10-30 маусым аралығында халықаралық шараны тамашалауға Сыр өңірінен 6 000-дай адам барыпты. Өзі де – солардың қатарында. «Көрме – тұнып тұрған инновация мен ғылым-білім жетістіктерінің алаңы. Жүзден астам мемлекет жасыл экономика, болашақтың энергиясы бағыттары бойынша тың идеялар мен жобаларын алып келген. Жалпы, қуат тақырыбы кең мағыналы. Оның ішінде рухани қуат та бар. Қаншама мәдени шараның куәсі болдық. Бір көрме арқылы жүзден астам елдің мәдениеті мен салт-дәстүрінен хабардар болуға болады», – дейді Ж.Тұсмағамбетов.

Оған төл павильон ұнапты. Көрмеден рухани азық алып, керемет әсермен қайтқан. Орталық жетекшісі облыс тұрғындары еліміздің әлемдік деңгейдегі жетістігін тек көруі керек деп есептейді. ЭКСПО қызығына куә болып қайтқан жерлестеріміздің де пікірі осыған саяды.

Дана МЫРЗАШЕВА, Қызылорда қаласы:

– Күннен-күнге дамып келе жатқан еліміздің қандай да бір жетістіктері мен еңбектерін әлемнің танып-білгені қандай мақтаныш?! 100-ден астам мемлекет экономика, техникадағы жетістіктері мен болашаққа құрған жоспарларын үлкен экрандар арқылы слайд-шоулармен көрсетіп жатыр. Және де қандай да бір өндірілетін өнімдерін осы көрме арқылы әлемге танытуға ынталы. Бұл арқылы адамдар әр мемлекеттің, әр елдің ішкі-сыртқы экономикасы мен мәдениеті, тұрмыс-тіршілігін тануға мүмкіндік алады.

Шар тәріздес басты ғимараты 8 қабаттан құралған. Әр қабатында түрлі қызықты шоулар мен іс-шаралар өткізіліп тұрады. Мұнда шыны көпір, күн бейнесіндегі зал сияқты қызықты дүниелер жеткілікті. Әр елдің павильонында, сауда-саттық орындарында келушілерге қызмет көрсетіп тұрған нұсқаушы қыз-жігіттердің дені – қазақ жастары. Олар үш тілде емін-еркін сөйлеп, кез келген елдің азаматтарына сапалы қызмет көрсетіп келеді. Осы арқылы елімізде көптеген тілді еркін меңгерген білімді жастардың өсіп келе жатқанын көреміз.

ЭКСПО-2017 көрмесінің елімізде өткізілуі бізге пайдалы. Біріншіден, осы арқылы әлемнің алдыңғы қатарлы мемлекеттерінің қатарынан көріндік. Екіншіден, болашақта өзге елдерден түскен ұсыныстармен біріге отырып жұмыс жасау арқылы одан әрі дамуымызға мүмкіндік туындайды. Сонымен қатар әр елден келген ұлттардың достастығы мен ауызбіршілігі одан әрі нығая түсері анық.



Айдана ЖҰМАДИНОВА, Қызылорда қаласы:

– ЭКСПО көрмесіне мен неліктен барамын? Көрмені көрудің маңыздылығы қандай? Бұл сауалдар ел тұрғындарын мазалайтыны анық, әлбетте, мені де ойландырды. ЭКСПО – тарихи маңызы бар шара. Жүзден аса елдің тарихымен танысуға мүмкіндік. Болашақта қайта өткізілсе немесе келесі көрмеге бару сапары бұйырса, сараптау мүмкіндігіне де ие боласың. Бұл – алғашқы ой. Ал көрмеге барған соң дамыған, ерекше заманда өмір сүретінімді анық сезіндім. Аяқ басқан сайын технология жетістіктері, жаңалықтар. Иә, бұл көрме – қазақстандықтар үшін техникалық прогресс. Мамандардың айтуынша, 15-20 жылдан кейін бұл жемісін бере бастайды. Байқасаңыздар, көрме эмблемасында тұқымның суреті бейнеленген. Тұқым – жаңалықтар өзегі. Әрбір білім маманның санасына тұқым болып себіледі. Сондықтан физика, математика пәнін жақсы оқитын, техникаға қабілеті бар оқушыларға көрмені тамашалау үшін мүмкіндік жасау керек.

Осы уақытқа дейінгі көрмелер бұрын ел естімеген жаңалықтармен есте қалды. Ал Астанадағы ЭКСПО-да мен байқаған мына жаңалықтар әлемдік деңгейде өндіріске енетініне сенімдімін: күннен қуат алатын пернетақта, адам қуатымен өзенде жүзетін спорттық зал, қоқыс қалдықтарынан электр қуатын өндіру, ғимараттардағы акустикалық жағдайды, ішкі-сыртқы шуды реттейтін құрылғы. Көрме қалашығында, айтса айтқандай, «Нұр-Әлем» павильоны ерекше. Алғашқы рет барғанда әдемі көрініске қызығып, тек суретке түсумен шектелетіндер көп. Сондықтан жаңалықтарға зейін қойып қарау үшін бірнеше рет барып тамашалау керек.

Назерке САНИЯЗОВА.

МӘСЕЛЕНІҢ БӘРІ МАҢЫЗДЫ

Бағаны тұрақтандыруға байланысты тиісті шаралар қабылданып келеді. Осы бағытта тізім бойынша өңірлік тұрақтандыру қорына жергілікті ауыл шаруашылығы кооперативтерінен 50 тонна сиыр етін сатып алу жоспарлануда. Сондай-ақ, бекітілген кестеге сәйкес бүгінгі күні тұрақтандыру қорына 1544 тонна көлемінде жалпы құны 154,5 млн теңгенің тауарын жеткізу бойынша келісім-шарт жасалды. Өнімдерді тасымалдау жұмыстары басталып кетті.

Басқарма басшысының мәліметінше, Оңтүстік Қазақстан облысынан 40 тонна жаңа картоп өнімі жеткізіліп, бөлшек саудада келісін 120 теңгеден сату ұйымдастырылған. Қабылданған шаралар нәтижесінде картоп өнімінің бағасы өткен аптамен салыстырғанда 5,6 пайызға төмендеді. Келісім-шартқа сәйкес мамыр айынан бастап бүгінге дейін 75 тонна картоп, 35 тонна сәбіз, 60 тонна басты пияз, 60 тонна қырыққабат, қызылша, 45 тонна жеміс-жидек, 60 тонна қияр мен қызанақ және 15 тонна сиыр еті жеткізілді.

Сонымен бірге, аталған мәселеге қатысты «Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы тарапынан да нақты шаралар атқарылуда. Өңірлік азық-түлік тауарларының тұрақтандыру қорына 2011 жылдан бастап бүгінге дейін 3 313,8 млн теңгеге азық-түлік өнімдері сатып алынған. Қазіргі таңда, тұрақтандыру қорында жалпы құны 207,3 млн теңгенің 1 753,6 тонна өнімі бар. Аталған өнімдер тікелей қоймадан және қаланың шағын аудандарында орналасқан 14 әлеуметтік дүкен мен аудан орталықтарындағы ашылған 6 әлеуметтік дүкен арқылы өткізілуде. Жыл басынан бері 223,9 млн теңгенің өнімі сатылған.

Мәжілісте қаралған кезекті мәселе өңірдегі жастар саясатының жүзеге асырылуына байланысты болды. Статистика департаменті мәліметіне сәйкес Байқоңыр қаласының жастарын қоса есептегенде 14 пен 29 жас аралығында 201 347 азамат тіркелген. Жастар өңірдегі жалпы халықтың 26,7 пайызын құраса, оның ішінде қала жастары – 41, ауыл жастары 58 пайызға жуықтайды. Жастар арасындағы өзекті мәселе – жұмыссыздық деңгейі де төмендеп келеді. Бұл 3,2 пайызды құрап, өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 1,9 пайызға азайып отыр.

– Биылғы жылдың қаңтарынан жастар саясаты мәселелері басқармасы өз жұмысын бастады. Сондай-ақ, облыс әкімдігі жанындағы жастар саясаты жөніндегі кеңес жұмыс жасайды. 2013 жылдан бастап көшпелі отырыстар тәжірибеге енгізілді. Ірі кәсіпорындарда және компанияларда жастармен жұмыс күшейтілді. Әртүрлі меншіктегі кәсіпорындар мен мекемелерде –15, жоғары, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында 34 жастар ісі жөніндегі комитет жұмыс атқаруда. Жастар саясатын қолдау мақсатындағы қаржы көлемі де былтырғымен салыстырғанда биыл 40 пайызға артып отыр, – деді облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Еркебұлан Меңлібаев өз баяндамасында.

Жастардың білімге қолжетімділігі қашан да басты назарда болуы қажет. Осы орайда өңірдегі жүзеге асырылып жатқан түрлі жобалар мен мемлекеттік бағдарламалар кейінгі буынның маңызды мәселесін шешуге мүмкіндік береді. Бүгінде облыстан 3000 аса студент «Серпін-2050» бағдарламасы бойынша жолдама алып, білімін жетілдіруде. Сонымен қатар, Ресей Үкіметінің білім гранттары негізінде Мәскеу және Санкт-Петербургтің беделді жоғары оқу орындарында 419 түлек білімін жалғастырып жатыр. Ал 2013 жылдан бері облыс әкімінің бастамасымен халықтың осал тобынан шыққан 512 студентке облыс әкімінің білім гранты тағайындалды.

Аймақ басшысы бұл сала бойынша NEET санатындағы жастармен жұмысты күшейту және іс-шара жоспарын іске асыруды жалғастыру қажеттігін жеткізді.

Мәжілісте облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Нұрлыбек Жолдасбаев елді мекендердегі санитарлық тазалық және көркейту жұмыстары туралы хабарлады.

Маусымдық кезеңде ұйымдастырылған сенбіліктерге жеке және заңды тұлғалар мен мемлекеттік мекемелер қатысып, апта сайын барлығы 40 мыңнан астам адам күші мен 400-ге жуық техника жұмылдырылған. Сенбілік науқанында қала көлемінде жыл сайынғы дәстүрлі «Көктемгі ағаш отырғызу» акциясы өткізіліп, 6000 ағаш отырғызылған. Бұдан бөлек, өңірді жасыл желекке, әрі көркейген аймаққа айналдыру мақсатында 13500 көшет егілді.

Мәжілісте облыс әкімі Қ.Көшербаев сала басшыларына бірқатар тапсырма берді. Биылға жоспарланған құрылыс жұмыстарының сапалы атқарылуы бақыланып, сол жағалаудағы нысандардың құрылысын уақытылы аяқтау қажеттігі айтылды. Сондай-ақ, 2018-2020 жылдарға арналған жобалардың жоспарын осы шілде айында толық бітіру міндеттелді. Бұдан басқа баға тұрақтылығы мен жастар мәселесіне қатысты тапсырмалар берілді.

Мәди ҚҰРМАНӘЛІ.

1-бет

ДЕПУТАТТАР ХАЛЫҚПЕН КЕЗДЕСТІ

Бүгінде Парламент Мәжілісінің депутаттары аймақтарда халықпен және мемлекеттік орган өкілдерімен кездесулер өткізуде.

Мәжілістегі «Нұр Отан» партиясы фракциясының мүшелері Бақытбек Смағұл, Зауреш Аманжолова және Бақытгүл Хаменова Сыр еліне жұмыс сапарымен келді.

Қызылорда өңіріндегі сапары барысында Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттары Қармақшы ауданы, Қорқыт ата стансасындағы теміржолшылармен кездесті.

«Қорқыт ата» мемориалдық кешенінде теміржолшылармен болған кездесуге ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары Бақытбек Смағұл, Бақытгүл Хаменова, Зауреш Аманжолова, сондай-ақ «Нұр Отан» партиясы Қызылорда облыстық және Қармақшы аудандық филиалдарының басшылығы қатысты.

Еркін форматта өткен басқосуда «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Елбасы Жолдауы мен «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» тақырыбындағы мақаласы, сонымен бірге Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру мәселелері тақырыпқа арқау болды. Халық қалаулылары теміржолшыларға маңызды құжаттардан туындайтын мақсат-міндеттерді барынша түсіндіріп, оларды жүзеге асыруда еліміздің әлеуметтік-экономикалық өсіп-өркендеу жолында экономикамыздың күре тамыры болып саналатын теміржол саласы мамандарының үлесі қомақты екенін айтты.

Мәселен, депутат Бақытбек Смағұл «жауапты сәтте қоғам болып бірігу – елдікке бастайды. Оған қоса, Мемлекет басшысы ұсынған «100 нақты қадам» Ұлт жоспары құнды құжатын басты бағдарға алып, үшінші жаңғыруға қарымды қадам жасау – заман талабы», – деді өз сөзінде.

– Біздің сапарымыздың бірінші мақсаты – елдегі тұрып жатқан халықтың әл-ауқатымен танысып, олардың көкейіндегі сауалдарына жауап беру. Сондықтан осында арнайы теміржолшылармен кездестік. Олар заңнамалық тұрғыда шешуді қажет ететін мәселелер мен өздерін толғандыратын ойларын ортаға салды. Жалақыны көтеру, жұмыстың ауырлығына байланысты зейнет жасын төмендету секілді мәселелер айтылды. Алдағы уақытта біздер көтерілген мәселелерді тиісті органдардың қарауына ұсынатын боламыз, – деді депутат Зауреш Аманжолова.

Сапар аясында депутаттар облыс орталығындағы «Жан-Арай» агроиндустриялық кешені, «Атамекен» балалар ауылының жұмыстарымен танысты. Сонымен қатар, денсаулық сақтау саласындағы нысандарға барып, жұмысты дамыту бойынша мәселелерді талқылады. Кездесу барысында мәжілісмендер сайлаушыларға атқарылған жұмыстар жайында баяндап, «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының орындалу барысынан хабардар етті. Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы және «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы да басты тақырыптар қатарынан табылды. Халықтың жағдайын жақсартуға бағытталған Әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі, нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы, білім беру, денсаулық сақтау, мемлекеттік сатып алу заңдарына өзгерістер енгізу мәселелері де назардан тыс қалмады. Сонымен қатар, халық қалаулылары Арал, Қазалы аудандарында, Байқоңыр қаласының тұрғындарымен де бірқатар кездесу өткізді.

Айта кетейік, жуырда Мәжіліс депутаты Сауытбек Абдрахманов Қызылорда қаласында сол жағалаудағы құрылыс жұмыстарымен танысқан болатын. Депутат сондай-ақ Сырдария ауданында болып, жұртшылық пен этно-мәдени бірлестік өкілдерімен де жүздесті.

Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ.

ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ТОСҚАУЫЛ

Жалағаш ауданы, Бұқарбай батыр ауылындағы №33 орта мектептің директоры Э.Шарипова өзінің қызметтік кабинетінде мектептің техникалық қызметкерінен қосымша 0,5 жүктеме қосып бергені және қызметтік өкілеттігіне кіретін заңсыз іс-әрекеті үшін ақша сипатындағы пара ретінде 5 000 теңге алған.

Жалағаш аудандық сотының 2017 жылғы 9 наурыздағы №1-6/17 санды Үкімі негізінде Жалағаш ауданы, Бұқарбай батыр ауылындағы №33 орта мектептің директоры Шарипова Эльза ҚР Қылмыстық Кодексінің 366-бабының 1-бөлігімен кінәлі деп танылып, білім беру саласында лауазымдарды атқару құқығынан өмір бойына айыру жазасы тағайындалды.

Үкімнің орындалу бөлігі бойынша білім бөлімінің 2017 жылғы 30 наурыздағы №31 бұйрығы негізінде Шарипова Эльза өз қызметінен босатылды.

Жалағаш аудандық білім бөлімі.

***

2017 жылдың 18 сәуір күні сағат 16:30 шамасында №253 орта мектептің директоры Б.Маштаеваға Д.Тұрмағанбетова өзінің қызы Г.Қошқарованы техникалық жұмысшы ретінде жұмысқа алу үшін 200 (екі жүз) мың теңге беріп, пара алу дерегімен ұсталды.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Ұлттық бюросының Қызылорда облысы бойынша департаменті тарапынан ҚР ҚК-нің 366-бабы, 2-бөлігімен қылмыстық іс қозғалып, сыбайлас жемқорлық сипатындағы қылмыстық құқық бұзушылықты жасағаны толығымен дәлелденіп, қылмыстық іс Қызылорда облысының прокуратурасы арқылы Қызылорда облысының №2 сотына жолданған.

Қазіргі таңда аталған қылмыстық іс сот өндірісінде қаралуда.

Қалалық білім бөлімі.

ӘУЛЕТІМІЗДІҢ АЛТЫН ҚАЗЫҒЫ ЕДІ

Бұрынғы би-шешендерден қалған «Өлмесе қайда кетті, бұрынғының кәрісі, пайғамбардың бәрісі, жер жүзін жалмаса да, тоймайды қара жердің талысы. Өткенге өкінбе, келмеске кейіме, өлім деген ұзақ жолдың алысы» деген сөзді үлкендердің аузынан естіп жүргенімізбен, мағынасына жете үңілмеппіз. Жан-жағына сәуле шашып, жүрегінің жылуын жақын-жуыққа бөліп беретін жанашыр адамдардың қатары сиреген осынау сөздің шындығына көзіміз жетті. «Тал бесікке тиген дененің жер бесікке де тиетіні ақиқат» деп өзімізді жұбатқанымызбен, орны ешқашан толмайтын жандардан айырылып қалғанда қатты қиналады екенсің. Әулетіміздің алтын қазығы, жеңгем Анар Мәлікқызының бақилық болғанына жыл толғанда аяулы жан туралы толғанысымды қағазға түсіруге тырыстым. Уақыт өтіп, қайғының қара бұлты аздап сейілгенімен, жақсы адамға деген сағынышымыз сартапқа айналып, үлғайып барады.

Анар Мәлікқызы Жалағаш ауданындағы №31 орта мектепті тәмамдап, Қазақ политехникалық институтын инженер-экономист мамандығы бойынша бітірді. Алғашқы еңбек жолын су жүйесі басқармасында – экономист, Жалағаш аудандық партия комитетінде – нұсқаушы, мемлекеттік сақтандыру инспекциясының басшысы, аудандық партия комитетінің 3-хатшысы, аудан әкімінің орынбасары, Ақжар ауылдық округінің әкімі, Жалағаш аудандық мәслихатының хатшысы қызметтерін абыройлы атқарып, құрметті зейнет демалысына шықты.

Ол жауапты қызметтерде жүрсе де, отбасы мен ағайынның ауызбірлігіне, туыстықтың алтын арқауының үзілмеуіне ерекше мән беретін. Туған-туыстың қуанышын көбейтуді, қайғысын бөлісуді бірінші орынға қоятын. Басына іс түсіп немесе науқастанып абдыраған ағайын ең алдымен ер-азаматтарға, сосын Анар жеңгеме арқа сүйейтін. Тығырықтан шығар жол таппай қиналған жандарды жігерлендіріп, қолынан келген көмегін аямайтын.

Анамыз Анар жеңгеміздің парасаттылығына тәнті болып әрі үлкендік жолына қарай 5 ағайындының балаларына «Анар әже» деп айтқызды. Анам арқалатқан аманатқа адал болып, үлкендігін танытып, қамқор пейілімен барлығымыздың балаларымызға тілекші болды. Өзінің 4 перзентін де адал, әділ етіп тәрбиелеп, ұлын – ұяға, қызын қияға қондырып, немере сүйді.

Өмір болған соң адамның басына не келіп, не кетпейді? Мұндайда адамның мінез байлығы, төзімі сынға түседі емес пе?! Жақын адамның жылы сөзі жаныңды семіртіп, айтқан ақылы көңіліне қонады. Осындай кездерде жеңгем араздасқандарды татуластырып, бір-бірін түсінісе алмаған жас отбасыларды жарастырып, жастықпен, албырттықпен екіге ажырағалы тұрған талай шаңырақтың шайқалмауына себепші болды. Барлық істің байыбына терең үңіліп барып шешім қабылдау керектігін айтатын. Көңілі жабырқаған адамдардың ертеңгі күнге деген сенімін оятып, өз жүрегінің жылуын бөліп беретін. Оның жүрегінен тараған шуаққа қаншамыз жылындық. Ортасын берекеге, қуанышқа толтырып отыратын жеңгемді ауылдағы жасы ұлғайған аналарымыз «Айналайын-ай, Анар десе Анар еді-ау» деп еске алып, көздеріне жас алады.

Тілектес ағам мен Анар жеңгем 2003 жылдан бері Алматы қаласында тұрады. Алматыға сапарлаған ағайын-туыстың жолға шыққан хабарын естісімен пойыздан көлікпен күтіп алып, үйіне апаратын. Қазаны оттан түспейтін, дастарқаны жиылмайтын үйдің қонақ арылмайтын. Кең пейілді, ақжарқын мінезімен ол жақтағы көрші-көлеммен де етене араласып, сыйласып, қамқорлығымен көптің ыстық ықыласына бөленді.

Өзім жас ортасынан ассам да, аяулы жеңгеммен ақылдасып, кеңесіп отыратын едім. Қандай жағдайда болмасын, табиғатына біткен парасаттылығы мен тектілігінен ауытқымайтын жанның айтқан сөзі көңіліме қона кететін. Ешқашан сабырлы қалпынан танбайтын, асығыс шешім қабылдап, біреудің көңіліне тиетін сөз айту оған жат еді.

Былтырғы шілденің сол бір қаралы күні өмір бойы ұмытылмастай есте қалды. Асыл жан төсек тартып жатпастан, ауырдым деп айтпастан, ешкімге салмағын салмастан жүрегі қысылды да 64 жасында ысырат сапарына жүріп кетті. Бақұлдасып, ризашылығымызды білдіруге үлгермей қалғанымыз-ай деп өкініштен өзегімізі өртенді. Артында қалған бір қауым елі, Жалағаш ауданының әкімдігі әулетіміздің басына түскен қайғының салмағын бірге көтерісті. Әулет үлкендері, ауылдағы қатарластары, қызметтес жолдастары Анар жеңгемнің жақсылықтарын, қамқорлығын, парасаттылығын ұмытпау үшін кейінгі жастарға үлгі етіп айтып отырады. Өйткені, ол соған лайықты жан еді.

Гүлзира БЕРЕШОВА.

ЖОБА

«Қызылорда облысы бойынша іске асырылуы жоспарланатын жергілікті мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының тізбесін бекіту туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2017 жылғы 15 ақпандағы №89 шешіміне толықтыру енгізу туралы

«Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 31 қазандағы Заңының 24-бабының 1) тармақшасына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. «Қызылорда облысы бойынша іске асырылуы жоспарланатын жергілікті мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының тізбесін бекіту туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2017 жылғы 15 ақпандағы № 89 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5748 нөмірімен тіркелген, облыстық «Сыр бойы» және «Кызылординские вести» газеттерінде 2017 жылдың 11 наурызында жарияланған) келесідей толықтыру енгізілсін:

аталған шешіммен бекітілген Қызылорда облысы бойынша іске асырылуы жоспарланатын жергілікті мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының тізбесі мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

«3. Қызылорда қаласы «Мерей» мөлтек ауданында дене шынықтыру-сауықтыру кешенін жалға алу (2017-2027 жылдарға).».

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облыстық мәслихатының 14-сессиясының төрағасы
А. Махамбетов

Қызылорда облыстық мәслихатының хатшысы
Н. Байқадамов

ЖОБА

«2017 жылға арналған мемлекеттік инвестициялық жобалардың кейбір мәселелері туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2017 жылғы 23 қаңтардағы № 690 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

«Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Кодексіне сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «2017 жылға арналған мемлекеттік инвестициялық жобалардың кейбір мәселелері туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2017 жылғы 23 қаңтардағы № 690 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5707 нөмірімен тіркелген, облыстық «Сыр бойы» және «Кызылординские вести» газеттерінде 2017 жылдың 28 қаңтарында жарияланған) келесідей өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

аталған қаулыға 2-қосымшада реттік нөмірі 2-жол алынып тасталсын;

аталған қаулының 3, 4-қосымшалары осы қаулының 1, 2-қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

аталған қаулының 5-қосымшасы келесідей мазмұндағы реттік нөмірлері 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19-жолдармен толықтырылсын:

«

13	Қызылорда қаласының сол жағалауында 320 орынға арналған балабақшаның құрылысы	3 190
14	Қызылорда қаласы «Арай» мөлтек ауданында 280 орынға арналған балабақшаның құрылысы	3 190
15	Шиелі ауданы Ақмая ауылдық округінде дене шынықтыру-сауықтыру кешенін жалға алу	3 190
16	Шиелі ауданы Алғабас ауылдық округінде дене шынықтыру-сауықтыру кешенін жалға алу	3 190
17	Қызылорда облысының мемлекеттік органдарына талшықты-оптикалық байланыс желісін тарту	3 190
18	Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қызылорда су жүйесі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның сенімгерлік басқаруға беру	4 785
19	Жаңақорған ауданы Өзгент ауылдық округінде 150 орындық ауылдық клубтың құрылысы	4 785

»

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі **Қ. Көшербаев.**

Қызылорда облысы әкімдігінің
2017 жылғы «___»_____ №____
қаулысына
1-қосымша

Қызылорда облысы әкімдігінің
2017 жылғы 23 қаңтардағы № 690
қаулысына
3-қосымша

«Қызылорда облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің тиісті бөлінетін бюджеттік бағдарламасының қаражаты есебінен жүзеге асырылатын 2017 жылға арналған концессиялық жобаларды консультациялық қолдау жөніндегі қызметтердің Тізбесі

№	Жобаның атауы	Концессиялық жобаларды консультациялық қолдау жөніндегі қызметтерді қаржыландыру сомасы, мың теңге
1	2	3
	«Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қызылорда облысының Ішкі істер департаменті» мемлекеттік мекемесі	
1	Қызылорда қаласының ПБ-ның Ақсай полиция бөлімі ғимаратының құрылысы	7 176
	«Қызылорда облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі	
2	Қызылорда қаласы СПМК-70 ауданындағы 200 орындық жатақханасы бар 600 орынға арналған кәсіптік-техникалық лицей құрылысы	9 970

Қызылорда облысы әкімдігінің
2017 жылғы «___»_____ №____
қаулысына
2-қосымша

Қызылорда облысы әкімдігінің
2017 жылғы 23 қаңтардағы № 690
қаулысына
4-қосымша

«Қызылорда облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің тиісті бөлінетін бюджеттік бағдарламасының қаражаты есебінен жүзеге асырылатын 2017 жылға арналған мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын консультациялық қолдау жөніндегі қызметтердің Тізбесі

№	Жобаның атауы	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын консультациялық қолдау жөніндегі қызметтерді қаржыландыру сомасы, мың теңге
1	2	3
	«Қызылорда облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» мемлекеттік мекемесі	
1	Қызылорда қаласындағы «Қорқыт Ата» әуежайының жаңа жолаушылар терминалының құрылысы	58 327
	«Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі	
2	Қызылорда қаласы Тасбөгет кентінде 250 қабылдауға арналған емхананың құрылысы	13 876
3	Арал ауданы Бекбауыл ауылдық округінде дәрігерлік амбулаторияның құрылысы	8 607
4	Сырдария ауданы Ақжарма ауылдық округінде дәрігерлік амбулаторияның құрылысы	8 607
5	Қазалы ауданы Өркендеу ауылдық округінде дәрігерлік амбулаторияның құрылысы	8 607
6	Шиелі ауданы Жөлек ауылдық округінде дәрігерлік амбулаторияның құрылысы	7 176
	«Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесі	
7	Қызылорда қаласы Тасбөгет кентінде дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы	8 607
8	Қармақшы ауданы Ақай ауылдық округінде дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы	8 607
9	Қызылорда қаласы «Мерей» мөлтек ауданында дене шынықтыру-сауықтыру кешенін жалға беру	6199
	«Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесі	
10	Қызылорда қаласы көшелерін жарықтандыру	7 176
11	Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қызылорда су жүйесі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның сенімгерлік басқаруға беру	3 338
	«Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы» мемлекеттік мекемесі	
12	Жаңақорған ауданы Өзгент ауылдық округінде 150 орындық ауылдық клубтың құрылысы	13 376

БУЫНДАР ЖӘНЕ ОМЫРТҚА АУРУЫНАН
қалай құтылуға болады?

Буындардағы және омыртқадағы ауырсыну тек қана қозғалысты шектемей, өмірді де шектейді. Асқынған жағдайларда остеохондроз, артроз және артрит ең қарапайым күнделікті істерді орындауға жол бермейді, ал дәрілердің көмегімен емдеу ауырумен күресуге ғана тіреледі.

Алайда, емдік дәрі-дәрмектер нарығы әрі кетсе әсер етпейтін, ең болмағанда өмірге өте қауіпті жасандыларға толып тұрғаны құпия емес. Оның үстіне ауырсынуды басатын дәрілер емдемейді, тек аз уақытқа белгілерді жояды. Бұл ретте буындар бұзылуын жалғастырады, уақыт өте мүгедектікке әкеп соқтырады.

Дегенмен, артрит және артроз – бұл үкім емес және де белсенді өмірдің аяқталуы емес. XXI ғасырдың медицинасында клиникалық тәжірибеде қимыл-тірек аппаратының ауруларын емдеу үшін қолданатын дәрі-дәрмектер бар.

Қазіргі таңда буындарды емдеудің алтын стандартына физиотерапия кіреді. Еламед компаниясының АЛМАГ-01 бірегей аппараты 15 жылдан астам физиокабинеттерде, сол сияқты үй жағдайларында қолданылады. Ол остеохондроз, артроз және артрит кезінде ауырсынуды, ісікті және қабынуды басуға ықпалын тигізеді. Аппараттың емдік қасиеті магниттік өрістің қасиеттеріне негізделген. Ол буын тіндерін қалпына келтіру үшін жағдай жасап, жергілікті қан айналымын және зат алмасуды жақсартуға мүмкіндік береді. Бұдан басқа, АЛМАГ сауығып кетуді тездетуге және аурудың қайталануын болдырмауға әсерін тигізіп, дәрілердің әсерін күшейтуге және олардың мөлшерін қысқартуға көмектеседі.

АЛМАГ-01 аурудың дамуын тоқтатуға және буындарға бұрынғы қозғалғыштықты қайтаруға мүмкіндік береді. Толыққанды өмірге қуану мүмкіндігі бар болғанда, қиын мәселені шешуді кейінге қалдырудың қажеті жоқ!

Алмаг аппаратымен Қызылорда қаласының №3 қалалық емханасы мен «Жаңақорған» шипажайы жабдықталған.

ҚР Денсаулық сақтау министрлігімен РК-МТ-7 №001382 21.08.2020 жылға дейін мақұлданған.

ТЕК ҚАНА 11 - 25 ШІЛДЕ аралығында АЛМАГ-01 САТЫП АЛЫП ТОНОМЕТРДІ СЫЙЛЫҚҚА АЛЫҢЫЗ!

Алмаг - 01 аппаратын Қызылорда қаласының "ДОКТОР ПЛЮС" дәріханаларында мына мекен-жайлар бойынша сатып алыңыз:
- ***Тоқмағанбетов көшесі, 1;***
- ***М.Шоқай көшесі, 21;***
- ***Шұғыла ы/а, 19;***
- ***Ақмешіт ы/а, 26;***
- ***Абай даңғылы, 39***

Сонымен қатар, аппараттарға жеңілдікпен салынған төлеммен жедел желі телефоны бойынша тапсырыс бере аласыз:
8-8000-80-40-40

Біздің сайт: www.almag.kz

КӨПШІЛІКТІҢ СҰРАУЫ БОЙЫНША БЕЛГІЛІ БАЛГЕР ЖӘНЕ КӨМЕК ҚОЛЫН СОЗУШЫ

АННА

Егер де сізді мынадай жайлар мазаласа:
- **Дуа жасау, көз тию, өсек-аяңға ұшырау, адамдардың қызғанышын тудыру, көреалмаушылық;**
- **Қайғы-қасіретке ұшырау;**
- **Маскүнемдік (суретке қарап та емдейді);**
- **Күйзеліске ұшырау, қорқыныш, ұйқысыздық, күш-қуаттың кетуі;**
- **Жұбайлардың кетіп қалуы;**
- **Белсіздік, баласыздық;**
- **Жалғыздық, некесіз тұру;**
- **Жұмыста, бизнестегі сәтсіздіктер;**
- **Отбасындағы жанжал, ата-ана мен балалар арасындағы қатынастың бұзылуы;**
- **Жолы болмау, сәтсіздіктерден арылмау.**

✉ Маған дуа жасалғанын тапқан Аннаға алғысымды білдіремін. Ол бар дуаны кетірудің әдісін жасады. Мен тазару кезінде тұмар мен тастарды пайдаландым. Осы жайлардан кейін мен бала көтердім. Біз бұл күнді төрт жыл күтіп едік.

Құрметпен, Думайбековтер отбасы.

✉ Анна осыдан екі жыл бұрын басқа әйелге кеткен менің күйеуімді қайтарды. Бұл жағдай маған ауыр соққы болды. Өйткені мен өмірімнің жақсы жылдарын күйеуіме арнағанмын, оның үстіне үш баламыз бар. Анна күйеуімнің кетіп қалуын суретке қарап оқыды, үйді қалай сақтап, тазалау керектігін үйретті. Мен оның кеңесінің бәрін орындадым. Соның арқасында қазір күйеуіммен біргемін.Қазір бақыттымын, балаларымның қасында әкесі бар. Анна сізге көп-көп рахмет.

Құрметпен, Әмина.

✉ Кәсіпкерлікпен 7 жыл айналыстым. Өткен жылы түсініксіз жағдай болды. Табыс бірден түсіп кетті. Қиындықтарға ұшырап, денсаулығым сыр бере бастады. Бір күні әйелім екеуміз үйден бөтен әйел орамалы мен қара жіппен байланған ат кекілін тауып алдық. Аннаға бардық. Ол бірден картасын жайып, бізге дуа жасалғанын, содан табысымыздың азайып, жолымыздың болмай жүргенін айтты. Анна бізді тұмармен қорғануға үйретті. Осыдан кейін жағдайымыз жақсарып, жұмысымыз жүре бастады. Ісім оңға басып, табысымыз молая түсті. Сол үшін де Аннаға айтар алғысымыз шексіз.

Арсен.

✉ Аннаның үйінде болып, оның кеңесін алып, оқыған тұмары мен әдістерінің арқасында күйеуім өзге әйелдің соңынан ермейтін болды. Қазір салмақты, маған және балаларына көп көңіл бөледі. Сондықтан да Аннаға шынайы ризашылығымды білдіргім келеді.

Диана.

✉ Маскүнемдікке салынғаннан кейін мен барымнан айырылдым. Ес жиғанда бәрі де кеш болды. Ішуді өздігімнен қоя алмадым. Мені Анна құтқарды. Ол маған құпия жоралар жасап, онан кейін өзімді қалай ұстау керектігімді айтып тұмар оқып берді. Содан бері ішімдікке еш зауқым жоқ, ол туралы ойламайтын болдым. Маған көмек қолын созған Аннаға алғысым шексіз.

Мирас.

✉ Бізге көршілер, туыстар, достар өмір бойы қызыға да қызғанышпен қарайтын. Мені күйеуім жақсы көріп, балаларына жақсы қарады. Үйде тәртіп қалыптасып, керектің бәрі бар-тын. Бір күні көршіммен ұрысқаннан кейін бізді бір қырсық айналдырды. Күйеуіміз екеуміз ауырдық, шаруашылығымыз шығынға батты. Аулада баламызды соққыға жыққаннан кейін қорқыныштан кекештеніп қалды. Жәй әзілдегеннен қорқатын болды. Біз Аннаның қабылдауында болып, бар жайсыздықтар дуаның әсерінен болып жатқанын білдік. Ол бар тәсілдерді жасап, көз тию мен жасалған дуадан тазартты. Оқып берген көзмоншағы мен тұмарын кіреберіс босағаға іліп қойдық. Содан кейін отбасымызда бәрі жақсара бастады. Балам кекештенуі мен қорқуын қойды. Аннаның берген тұмарын жанынан тастамайды.

Фатима.

Анна Сіздерді шілденің 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19 күндері сағат 10.00-ден 14.00-ге дейін мына мекен-жайда күтеді: Қызылорда қаласы, Абай даңғылы 30 (офиске Есенов көшесімен кіреді, сол жақта «Татьяна» салоны, Анна деген жазу ілулі тұрады).

ХАБАРЛАМА

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 жылдың 28 маусымында №204-ө бұйрығымен бекітілген «Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша нұсқаулықтың» 53-тармағына сәйкес «Көлжан» ЖШС «Солтүстік-Батыс Қызылқия кенішінен Арысқұм кенішіне дейін 10" кенішаралық мұнай құбырын тарту» жұмыс жобасы бойынша қоғамдық пікірді тіркеу үшін жазбаша ұсыныстар мен ескертулерді қабылдайды.

Жазбаша ұсыныстар мен ескертулер Қызылорда қаласы, Қазыбек би к., 13 мекенжайында және Azhimurat.Orazbayev@petrokazakhstan.com электронды поштасы арқылы қабылданады.

Анықтама алу телефоны: (7242) 29-92-11.

* * *

«Көлжан» ЖШС 2007 жылғы 9 қаңтардағы №212-III Қазақстан Республикасының Экология Кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес «Солтүстік-Батыс Қызылқия кенішінен Арысқұм кенішіне дейін 10" кенішаралық мұнай құбырын тарту» жұмыс жобасы жөніндегі құжаттаманың мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезеңінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі.

Анықтама алу телефоны: (7242) 29-92-11.

«Қазақстан» РТРК» АҚ Қызылорда облыстық филиалы ұжымы «Қазақстан-Қызылорда» телеарнасының редактор-жүргізушісі, Қазақстан Жазушылар одағы облыстық филиалының директоры Есімсейітова Қаршыға Құрмашқызына ағасы

Есімсейітов Піржан Құрмашұлының

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

* * *

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің ректораты мен ұжымы Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасының аға оқытушысы Биманов Барлыбайға зайыбы

Тайманова Гүлжахан Дүйсетқызының

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ЖАПОНДЫҚТАР ҰЛТТЫҚ ДӘСТҮРГЕ ТӘНТІ БОЛДЫ

Қазақстан және Жапония Парламенттері достық лигасының өкілдері Қорқыт ата мемориалдық кешеніндегі этноауылда болды.

Аталған лига төрағасы Такео Кавамура бастаған делегация өкілдері қазақылықтың қаймағы бұзылмаған Сыр еліндегі салт-дәстүр мен ұлттық қолөнердің дәріптелуіне тәнті болды. Күншығыс елінен келген қонақтар қаз-қатар тігілген шеберлер үйін аралап, қолөнершілермен тілдесті. Шеберлік сабақтарына куә болды. Ұлттық тағамдар мен сусындардан дәм татты. Сонымен қатар, қазақша күрес, шабандоздардың өнері, хантәлапай мен алтыбақан ойынын тамашалады. Жусан иісі аңқыған кең даладағы қазақтың ауылына таңдай қақты. Этноауылдың қызығына берілген Жапония делегациясы, керек десеңіз, Қызылорданың шіліңгір аптабын елемегенінен де байқауға болады. Олар шөлін салқын сабаттағы қымызбен басып, сән-салтанаты келіскен киіз үйдегі көрмелерді көріп, қазақтың ыстық ықыласы мен қонақ кәдесіне куә болды.

Қолөнершілер қонақтарға әр бұйымның жасалу әдісімен бөлісті. Меймандарға Қорқыт бабамыздың ғұмыры жайлы тарихи әңгімелер мен кең даладағы қобыз үні де ерекше әсер еткен. Ол жайында делегация жетекшісі Такэо Кавамура былайша тарқатады.

– Қазақ халқынын өз салт-дәстүрін дәріптеп, басқаларға көрсетіп жатқаны мені қатты толқытты. Қорқыт ата кесенесіне келгенде бір нәрсеге көзім анық жетті. Ежелгі тарихтан хабардар болып, оны ұрпаққа табыстап отыратын ел екенсіздір. Өз мәдениетіңе деген құрмет осындай-ақ болсын. Алған әсерімді айтып жеткізе алмаймын, – дейді.

20 маусымда ашылған Қазақ ауылы әлемнің түкпір-түкпірінен келетін қонақтарды қоңыр күздің ортасына дейін қарсы алуға әзір. Облыс бойынша ЭКСПО картасына аймақтағы Қорқыт баба кесенесі мен Байқоңыр ғарыш айлағы енген. Баба басына зиярат жасағандар қатары екі аптада мың жарым адамға жетіп үлгеріпті. Сонымен қатар, этноауыл ұйымдастырушылары еліміздегі туристік компаниялармен тығыз жұмыс істеуде. Ол туралы ЭКСПО-2017 ресурстық орталығының басшысы Жандос Тұсмағамбетов айтты.

– Оннан астам мемлекеттен шетелдік туристер келіп отыр. Атап айтқанда, Франция, Румыния, Қырғызстан, Өзбекстан, Ресей Федерациясынан, Германия, Голландия. Енді, міне, Жапония азаматтары этноауылымызда қонақта. Бұл әлі қонақтардың басы. Алдағы уақытта шетелдік қонақтардың қызығушылық танытып, көбейетіні белгілі, – деді.

«ЭКСПО 2017» этноауылында тұлпар мініп, атқа шабуды қалаған меймандарға үйретуге шабандоз жігіттер әрқашан әзір. Асық атып, ханталапай ойнауға да болады. Этноауылда жүрекке жағымды қазақ әндері әуелеп тұрады. Немесе жан толқытар күйлер төгіледі. Шөл дала жусанының керемет иісіне елітіп, дала желінің уілін естіген туристер қазақ елінің қонақжайлығына тәнті болып, бар ризашылығымен ақтілектерін жаудырып-ақ жатыр. Осылайша, жапондық өкілдер жер кіндігі – Байқоңырдың кереметіне үңілуге аттанды.

Жалпы, этноауылда 7 киіз үй бар. Оның әрқайсысында түрлі қолөнер бұйымдары қойылған. Онда киізден, былғарыдан, саздан, иірілген жіптен, ағаштан жасалған бұйымдар мен кілем мен зергерлік өнімдер қойылған. Бұл үйлерде келушілер үшін тегін шеберлік сабақтары өтеді.

Ауылда 11 қолөнерші жұмыс істеуде. Олардың барлығымен келісім-шарт жасалған, жалақы мәселесі шешілген. Сондай-ақ, мұнда 12 қызметкер еңбек етеді. Барлығы жатын орнымен және үш мезгіл тамақпен қамтылған.

Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ.
Қармақшы ауданы.

БЕЛГІЛІ АЗАМАТҚА АРНАЛҒАН ТУРНИР

«Евразия» спорт кешенінде облыстың газ тасымалдау саласында жемісті еңбек еткен белгілі азамат Тимур Қожаниязовты еске алуға арналған футзалдан 2-ші облыстық турнир өтті. Облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасы мен «Интергаз Орталық Азия» АҚ ұйымдастырған тартысты бәсекеге 12 команда, 200-ге жуық спортшы қатысып, өзара бақ сынасты.

Аяқдоп шеберлері арасындағы дүбірлі додада қарсыластарынан басым түскен «Қазгермұнай» командасы жеңімпаз деп танылды. Дәстүрлі турнирде үздік ойын өрнегін көрсеткен оларға 500 мың теңгенің сертификаты мен арнайы кубок табысталды. Келесі орынға ие болған «Форте банк» командасы 250 мың теңгені қанжығасына байлады. Ал үшінші орынға тұрақтаған «Облыс әкімдігі» 150 мың теңге олжаласа, «КазТрансГаз» 50 мың теңгені қанағат тұтты.

Мұан бөлек футзалда үздік ойын өрнегін көрсеткен бірқатар қатысушы «Үздік қақпашы», «Мерген ойыншы» «Үздік қорғаушы», «Үздік шабуылшы» және «Үздік ойыншы» номинацияларымен марапатталды. Екі күнге созылған дәстүрлі турнирде басқа да командалар арнайы алғыс хаттар мен бағалы сыйлықтарға ие болды.

Кенжетай БАЛҒАБАЙҰЛЫ.

ШЕКАРА ШЕБІНДЕ

Шекара – қасиетті ұғым. Мемлекет шекарадан басталады деп тегін айтылмаса керек. Еліміздегі бейбіт өмір, қызу еңбек пен отбасылық тұрмыс – осының бәрі туған ұямыздың амандығына байланысты. Олай болса, біз үшін шекара күзетінде болу дегеніміз – ел тыныштығын күзету болып табылады. Осы ұлы мақсатқа Қызылорда шекара жасағының әскери қызметкерлері де өз үлестерін қосып отырғаны үлкен абырой.

«Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы» Заңында шекараны күзету – еліміздің қауіпсіздігін қамтамасыз етудің жалпы мемлекет жүйесінің ажырамас құрамдас бөлігі екендігі атап көрсетілген. Демек, мемлекеттік шекараны қорғау – тыныштық сақшысы саналатын шекарашы жауынгерлер мен әскери қызметкелердің ғана міндеті емес, шекаралық аймақта тұратын әрбір Қазақстан азаматының борышы болса керек.

Қазіргі таңда, Қызылорда шекара жасағының әскери қызметкерлері аймақ, ауданның әкімшілік басшыларымен, жекеменшік кәсіпорын иелерімен іскерлік байланыс орнатып және шекараға таяу елді мекендердің жергілікті тұрғындарымен тығыз қарым-қатынас жасап отыр. Осылай мемлекеттік шекараны қорғауды жүзеге асыруда.

Мемлекеттік шекараны қорғау мен күзетуге жергілікті тұрғындарды барынша жұмылдыру арқылы саяси қырағылығын арттыруға, ұжымның, қоғамдық органдардың, сондай-ақ Мемлекеттік шекараны күзету мен қорғауда айтарлықтай зиян келтіретін жекелеген адамдарға қарсы бағытталған іс- шараларды ұйымдастыруға үлкен мән беріледі.

Бұған қоса, жергілікті тұрғындардың көмегі ҚР мемлекеттік шекарасын қорғау ісінде ҚР ҰҚК Шекара қызметінің мүмкіндіктерін одан әрі кеңейтеді және оған деген сенімді еселей арттырады.

Диас ЖАНАТҰЛЫ,
2019-әскери бөлімінің офицері.

● «БОЛАШАҚ» ШАРАПАТЫ

ТЕРЕҢНЕН ҚОРЫҚПАҒАН ТЕҢІЗДЕ ЖҮЗЕДІ

Баланың бәрі дарынды

Сәбидің бәрі дарынды болып туады. Жатып алып уілдейтін тынышсыз баланы ұйықтатып тастаймыз немесе қабырғаны жағалап жүріп сызғылай бастаған баланың қолындағы қаламын тартып аламыз. Бәлкім, біз осы әрекетімізбен бір әнші мен суретшіні өз дарынынан айырған шығармыз, кім білсін. Есейе келе әр нәрсеге қызыққан өскінді де тәртіптеп отыратынымыз бар. Дана қазақ мұндайда «болам деген баланың бетін қақпа, белін бу» деп әрекетіне қарекет қосуды мақұл көрген.

Қарапайым отбасының тұңғышы да, кенжесі де болып өскен Гүлжан жасынан білмекке құмар болды. Кейде кездейсоқ сұрақты қойып, ата-анасын ойлантып қоятын. Оның осындай мінезіне қарап шағын кәсіппен айналысатын әкесі Асылбек пен анасы Райхан Гүлжанның оқуына көп көңіл бөлді. Өзі де кітапты жастанып оқитын қыз мектепте жүріп, оқушылар арасындағы Қазақстан тарихы бойынша ғылыми жобаларға қатысып, үнемі алдыңғы орындардан көрінді. Тарих пәнінің мұғалімі Нұрсұлу Мұсаева мен ҚМУ-дағы ғылыми жетекшісі Наурызбай Байқадамов еді. Осы екі кісі мектептегі ата-анасы болды десек те дөп түсеміз. Гүлжан Кәрібаева осылайша Қызылордадағы №15 гимназияны «Алтын белгімен» бітіріп, Еуразия ұлттық университетінің студенті атанды.

Мектепте жүргенде-ақ ағылшын тіліне бейімді еді. «Керек тастың ауырлығы жоқ», тарихшы болсам да, әлемдік тілдің бір қадеге жарайтыны рас қой деп ойлады. «Мың естігеннен бір көрген артық» демекші, кітаптағы бір бөлек, өмірдегі бір басқа емес пе, Гүлжан ағылшындармен кәдімгі күнделікті тірлікте араласып, сөйлесуді қалайтын. Сол ойына жол ашылды. Қазақстан мен Америка арасындағы достық қарым-қатынастың келісімі аясында студенттер үшін қарастырылған бір тармақ бар екен. Осы тармақ бойынша Қазақстан студенттері үш ай демалысында АҚШ-қа барып жұмыс істей алады делінген. Бұл үшін арнайы бағдарлама да түзілген. Осы бағдарлама бойынша Гүлжан бірге оқитын қызылордалық құрбысы Ақмарал Исаева екеуі Америкаға аттанады. Сондағы екеуінің де негізгі мақсаты тереңірек тіл үйрену еді.

Такси тоқтатуға болмайды, бірақ пәтер тегін

Студентті мұндай алыс елге бара көрерсің деп ешкім жібере салмайды. Аталған бағдарлама арқылы алдын ала шарт жасалады. Сол шарт бойынша Монтана штатының Бозмен қаласында «Мк Дональдс» брендімен жұмыс істейтін дәмханаларда жұмыс бар деген хат келген. Хаттағы мекен-жайды тауып алмақ болып екі қыз қала ішіне кірген соң таксиге қол көтерді. Таксидің тоқтайтын түрі жоқ. Бізді жатсынып тұр ма деп бір-біріне қарайды. Әлден уақытта барып бір жеңіл көлік тоқтай қалды. Жүргізушісі әйел кісі екен. Екі қыз да әжептеуір ағылшынша біледі. Өздерінің Қазақстаннан жұмыс іздеп келгендерін түсіндіріп, пәтер жағы қалай болады деген сұрақтарын қойып жатыр. Бұл кісінің аты Хэлен екен, біздегі Қалима деген сияқты бұл да ағылшында жиі кездесетін есім. Өзі жазушы болып шықты. Екі қызға ә дегеннен қамқорлық таныта сөйледі. Қанша дегенмен жазушы ғой, қазақтардың тарихын сұрап білгісі келді ме, жоқ туасы қайырымды кісі ме, әйтеуір менің үйіме тегін тұра беріңдер деп қыздарға іштартып қалды. Өзінің екі қабатты әдемі үйі бар екен, күйеуі мен баласы үшеуі ғана, екінші қабаты бос. Бұл қыздарға тамаша сый болды. Хэленді Қалима апалары секілді жақсы көріп кетті.

Кейін білгендері бұл жақта таксиге қол көтермейді екен, керек адам шақырту қызметін пайдаланатынын бұлар қайдан білсін.

«Мк Дональдс» ұнамады, Капитолийдің кәдесыйы

Екі қыз шақыртқан жерге жұмысқа барды. Бұл негізі жылдам тамақ дайындайтын дәмханалар жүйесі делінеді. Барды да жұмысқа кірісіп кетті. Екеуі де тіл біледі. Қиындық келтірген ештеңе жоқ. Бірақ... олардың гамбургері шошқа етінен дайындалады екен. Басқа жұмыс табудың жолын іздеді. Кенет, Гүлжанның ілулі газеттегі жарнамаға көзі түсті. Ауруханаға ұсақ-түйек жұмысшы керек депті. Дереу екеуі сол аурухананы іздеп тапты. Олар да жұмысқа ала қойды. Сонда екеуі «Сен маған бір қадам жақындасаң, мен саған қарай екі қадам аттаймын» деген Жаратушының сөзін еске алды. Сонымен ақ желек киіп, дәрігерлердің «барып кел, алып кел» жұмысын атқарды. Жалақысы да жақсы, бәрінен бұрынғы ең үлкен олжалары күн сайын өздері білмейтін төрт-бес сөз үйренгендері болды. Осылайша, төрт ай уақыт өтті.

Елге қайтатын кезде Американың көрікті жерлерін, тарихи орындарын аралады. Соның ішіндегі естен кетпейтін Вашингтондағы Капитолийге барғандары.

Капитолий – Американың бірінші президенті Джорж Вашингтонның өзі іргетасын қалаған АҚШ билігінің символы. Биіктігі тоқсан метрге жуықтайтын тарихи ғимаратта жоғарғы билік органы Конгресс мәжілістері өтеді. Сонымен бірге бұл ғажап орын жылына 5 миллиондай турист тамашалайтын музей.

Екі қыз осы музей-ғимаратқа барғанда саяхатшылар басшысы көп адамға «АҚШ-тың бірінші президенті кім?», «Конституциясы қашан қабылданды?» деген сияқты оңай сұрақтар қойып жатыр екен. Бірақ, ешкім жауап берер емес. Топтың ішінен Гүлжан алға шығып гидтің барлық сұрақтарына жауап берді. Қара қыздың ағылшынша сайрап тұрғанына әрі дұрыс жауап бергеніне риза болған саяхатшылар жетекшісінің Гүлжанға кәдесый жасағаны бар.

Бұл жақтың тағы бір қызық жері, географиялық білімге шорқақ, бәлкім, қызықпайтындығы, бәлкім, керек емес деп санайтындығы. «Қазақстаннан келдім» десең, «пойызбен келдің бе» деп қарап тұратындықтарын қайтерсің. «Ватикан қай тілде сөйлейді?» десе, «латын тілінде» деп, «Анголаның астанасы не?» десе «Луанда» деп әбжіл жауап беретін бұларды мына жердің ештеңеге қызықпайтын адамдары тағы бір қырымен таңғалдырды.

Тұңғыш Президент музейі

«Еуразияның» бакалаврын қызыл дипломмен бітірген Гүлжан екіжылдық магистратураға қалды. Оқып жүріп Астанадағы Тұңғыш Президент музейіне жұмысқа тұрды. Ағылшын тілін жетік білсем деген ойы орындалды. Енді осы еңбегінің іс жүзіндегі пайдасын көретін кез жеткен сияқты.

Қазіргі Президент музейі – астана Ақмолаға көшірілген кезде, 1997-2004 жыл аралығында Елбасының жұмыс орны орналасқан ғимарат. Осы төрт қабатты ғимаратта тәуелсіз еліміздің алғашқы жылдарындағы маңызды құжаттарына қол қойылып, тарихи шаралар өткізілген. Ақ орда салынған соң Президент әкімшілігі сонда көшті де, бұл ғимарат Президент музейі болып қалды. Шет елден келгендер осы тамаша орынға міндетті түрде бір аялдап кетеді. Өйткені ғажап ғимараттың ішінен Елбасының тәуелсіздік жылдарындағы атқарған ерен еңбектеріне, тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуына қатысты көз қанықтыруға болады. Әсіресе, келушілер Елбасының атына берілген дүниедегі әртүрлі елдердің марапаттары мен сыйлықтарына қызыға қарайды. Елбасы ондай сыйлықтар мен мақтаулардың бәрін де өзіме емес, еліме берілген марапат деп ұғынып, музейге өткізіп отырған. Гид Гүлжан осының бәрін шет елден келген қонақтарға өте жатық тілмен түсіндіре біледі.

Білім ауырласа, бойың жеңілдейді

Жұмысты қатар алып жүріп магистратураны бітірген Гүлжан тағы оқығысы келді.

Халықаралық «Болашақ» бағдарламасының мәдениет қызметкерлері білімін шет елдерде жетілдіру туралы арнайы тармағы болды. Президент музейінің директоры Алма Сағынғалиқызына осы жөнінде айтып көріп еді, бірден қолдау білдіріп, мінездеме берді. Сөйтіп, музейде жұмыс істеп жүрген Гүлжан 2014 жылы академиялық демалыс алды. Бұл кезде тұрмыс құрған Гүлжанның жолдасы Арман да оқу үшін Ұлыбританияға бірге барды. Кішкентай Ибрашты бірге алып кетті. Сонымен екеуі «Дарем» университетіне оқуға түсті. Арман – исламдық қаржыландыру, өзі халықаралық мәдени мұра менеджементі мамандығын алып шықпақ. Ибраш болса, амал жоқ, ағылшын мектебіне барды. Қанша дегенмен, дарындылық ата-анасының тегінде бар, ағылшыншасы қазақшасын ұмыттыра алмады. Бұлардың жиырма беске келіп үйренген үш тілін ол сөйтіп сегіз жасында меңгеріп алды.

Гүлжан болашақта ЮНЕСКО-ның құзырына қарайтын қызметке барғысы келеді. Өйткені ол мәдениетті қорғауға, қолдауға баса күш салатын ұйым. Осы ұйым арқылы жас дарын иесі өз халқының ұлттық мұраларын дүниеге таныту ісіне үлес қоссам дейді. Төрт тілді қатар сөйлейді, болашақта басқа тілдерді білсем деген талабы тағы бар.

Бір білгені, адамның білімі ауырлаған сайын бойы жеңілдей береді екен.

Дүйсенбек АЯШҰЛЫ.

«Сыр бойы», «Кызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-49, 70-00-52 телефондары арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru

«Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» мемлекеттік мекемесі басшылығының 2017 жылдың III тоқсанына азаматтарды жеке қабылдау кестесі

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның аты-жөні	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күндері	Азаматтарды қабылдау уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері, қабылдау бөлмесі	Байланыс телефоны
Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	Ергешбаев Мұрат Нәлхожаұлы	Басқарма басшысы	Дүйсенбі Сейсенбі Сәрсенбі Бейсенбі Жұма	09:00-13:00, 15:00-19:00.	Қызылорда қаласы Бекзатхан Асқар көшесі №47 № 201 Б бөлме	27-02-06
Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	Есқараева Алтынкүл Итенқызы	Басқарма басшысының орынбасары	Дүйсенбі Сейсенбі Сәрсенбі Бейсенбі Жұма	09:00-13:00, 15:00-19:00.	Қызылорда қаласы Бекзатхан Асқар көшесі №47 № 201 Б бөлме	27-23-01
Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	Ибраева Айгүл Болатқызы	Басқарма басшысының орынбасары	Дүйсенбі Сейсенбі Сәрсенбі Бейсенбі Жұма	09:00-13:00, 15:00-19:00	Қызылорда қаласы Бекзатхан Асқар көшесі №47 № 311 А бөлме	40-08-17
Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	Қалмақова Гаухар Амангелдіқызы	Басқарма басшысының орынбасары	Дүйсенбі Сейсенбі Сәрсенбі Бейсенбі Жұма	09:00-13:00, 15:00-19:00	Қызылорда қаласы Бекзатхан Асқар көшесі №47 № 311 А бөлме	27-01-00

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасында (8 7242) 27-02-06 «Сенім телефоны» жұмыс жасайды.

Қызылорда облысы ветеринария басқармасы басшыларының жеке және заңды тұлға өкілдерін қабылдау кестесі

Аты-жөні	Лауазымы	Күні мен уақыты	Телефоны
Апетов Ерсұлтан Амантайұлы	Қызылорда облысы ветеринария басқармасының басшысы	Бейсенбі 16.00-18.00	60-53-46
Ахмет Берлібек Әнуарбекұлы	Қызылорда облысы ветеринария басқармасы басшысының орынбасары	Жұма 16.00-18.00	60-54-95

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамаларының және Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексінің талаптарының бұзылуына жол бермеуі және оның алдын алу мақсатында Қызылорда облысының ветеринария басқармасында (8 7242) 60-54-95 «сенім телефоны» жұмыс істейтіндігін хабарлаймыз.

Қызылорда облысының еңбек саласындағы бақылау басқармасы басшылығының жеке және заңды тұлғаларды жеке қабылдау кестесі

р/с	Жеке және заңды тұлғаларды қабылдаушылардың аты-жөні	Жеке және заңды тұлғаларды қабылдаушылардың лауазымы	Жеке және заңды тұлғаларды қабылдау күні	Мемлекеттік мекеменің мекен-жайы	Байланыс телефондары
1	Жалғасбаев Ертілеу Шынтасұлы	Басқарма басшысының міндетін атқарушы – Бас мемлекеттік еңбек инспекторы	Сәрсенбі, қабылдау сағаты 16.00-18.00	Қызылорда қаласы; Бекзатхан Асқар көшесі, 47; каб. 301 а	8 (724 2) 26-34-76
2	Шалбаева Тұмар Балтабайқызы	Басқарма басшысының орынбасары-мемлекеттік еңбек инспекторы	Бейсенбі, қабылдау сағаты 15.00-17.00	Қызылорда қаласы; Бекзатхан Асқар көшесі, 47; каб. 301 а	8 (724 2) 27-22-85

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қызылорда облысының еңбек саласындағы бақылау басқармасында 8 (7242) 27-76-99 нөмерлі «Сенім телефоны» жұмыс істейтіндігін хабарлайды.

Меншік иесі:
Сыр медиа
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі телефакс 70-00-36
Сыр бойы
Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газетінің редакциясы
БАС РЕДАКТОР
Жұматәли ӘБДІРАМАН
қабылдау бөлмесі 40-02-17
Бас редактордың орынбасары 70-00-43
Жауапты хатшы 70-00-81
бөлімдер:
меншікті тілшілер:
e-mail: syrboyi@yandex.kz
www.syrboyi.kz
Таралымы 29448
Тапсырыс №827